

3 желтоқсан  
Сейсенбі,  
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# Ойыл

## «АУЫЛ АМАНАТЫ»: ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ЖОБАНЫҢ ЖЕМІСІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН «АУЫЛ АМАНАТЫ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ЕЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨЛЕУЕТІН АРТТЫРЫП, АУЫЛ ӨМІРІН ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖОБАНЫҢ БИЫЛ ҚАНАТ ҚАҚПАНЫНА ҮШ ЖЫЛ. ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРҒА ТҰРАҚТЫ ТАБЫС КӨЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БҰЛ БАҒДАРЛАМА АУЫЛДАРДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРУДЕ. БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ДА АТАЛМЫШ ЖОБАНЫҢ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ ЕРЕКШЕЛЕНДІ.



Жыл басынан бері ауданда 99 жобаны іске асыру жоспарланса, қазіргі таңда 85-і жүзеге асып, жалпы сомасы 645,2 млн. теңге бөлінді. Жалпы саны 103 жобаға құжаттар тапсырылған.

Тұрғындардың көбі мал шаруашылығымен айналысатын біздің ауданда кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Бұл мақсатқа жоба аясында 482,0 млн. теңге бөлініп, 62 жоба мақұлданды. Ал, 11,1 млн. теңгеге бағаланған 3 жоба құс шаруашылығына тиесілі болса, 151,6 млн. теңгеге мақұлданған 20 жоба шағын және орта бизнес дамытуға бағытталып отыр.

Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысы Абат Мұбарак-ков, «Мемлекеттен 2,5 пайызбен 2023 жылдан бастап облысымыздың барлық аудандарында бастау алған жоба, бастапқыда құс шаруашылығы мен шағын өндіріс ашуға беріле бастады. Биыл, яғни 2024 жылы бұл жоба мал шаруашылығы мен шағын және орта бизнесі дамыту мақсатында жеңілдетілген несие

беріле бастады. Өз кәсібін дамытқысы келетін ауылдықтарымыздың сенімін еселей түскен жобаға қызығушылар жылдан-жылға артып келеді», - дейді.

«Ауыл аманаты» жобасына біздің ауданнан барлық ауылдық округ енгізілген болатын. Соның ішінде Көптоғай ауылдық округі 24 жобамен көш бастап тұр. Несие алғандар қатарында монша, жылжымай, сүт, ет өнімдерін қайта өңдеу және сүт, ет өнімдеріне қажетті құрал-жабдық аламын деп өтінім бергендер бар.

Жоба аясында Ойыл ауданының тұрғындары өздерінің кәсіпкерлік қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік алып отыр. Аталған бағдарлама арқылы несие алғандардың бірі көптоғайлық Қарлығаш Зейноллаева. Жас кәсіпкердің кәсіпкерлікке аяқ басқанына биыл 5-ші жыл. Былтыр 2,5 пайызбен 4,5 млн. теңге көлемінде несие алып, сүт және ет өнімдерін өңдеуге арналған құрал-жабдықтар сатып алды. Қарлығаш ауыл тұрғындарына сапалы жартылай дайын өнімдері мен сүт тағамдарын ұсынып отыр. Бұл

өнімдер ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, жергілікті нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуде. Сонымен қатар тез дайындалатын фаст-фуд тағамдарын әзірлеп, сатады. Қарлығаш Батырбекқызы – екі баланың анасы, әрі мектепте педагог-ассистент болып қызмет атқаратын маман. Оның кәсіпкерлік бет бұрып, табысты іс бастауға деген ынтық асыл жастарына үлгі боларлықтай. Қарлығаш күндіз мектептегі жұмысын жауапкершілікпен атқарса, кешкі уақытта ауыл тұрғындары үшін дәмді тағамдар әзірлеп, өз кәсібін дамытуда. Жолдасы Қанат бауырларымен бірге шаруа қожалығының жұмысын жүргізіп жатқанын тілге тиек етті. Бүгінде шаруашылық ірі қарамен қатар, жылқы, қой санын көбейтуге басты назар аударып отыр. Еңбекқор жандардың алға қойған жоспары көп.

- Еңбек етем деген жандарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар да жетерлік. Жалпы, тұрғындардың жағдайы жақсы. Мал саны да артуда, жобаға қатысып, кәсіп

ашып жатқандар да бар. Ендігі біздің мәселеміз ауылдымызға газ келсе, жол дурысталса тұрғындардың осындай күйбең тіршілікпен «бас ауруы» азаяр еді. Енді осы тілегімізді облыс, аудан басшылығы назарға алса екен дейміз. Сондай-ақ, ауылда тұрақтанған жастар аз. Ауылға жастарды барынша қызықтырғымыз келеді.


Көптоғай ауылында ата-енем бұрын тойхана ашқан. Қазір тойхананың ғимаратында тұрғындарды заманға сай, сұранысқа ие тағамдармен қабылдап, жұмыс жасап жатырмыз. Сондай-ақ, тойхана ғимаратының бір бөлігінен қымызхана аштық. Бір кездері ешқандай құрал-жабдықсыз үйден басталған кәсібіміз, қазір шүкір, «Ауыл аманаты» жобасы аясында дамып келеді. Жолдасым екеуіміз балаларымызға әркез еңбек еткен адам ғана зор жетістікке жететінін, адал еңбектің наны тәтті болатынын айтып отырамыз», - дейді.

«Ауыл аманаты» – ауылдық аймақтардың болашағына салынған инвестиция. Ойыл ауданының тұрғындары бұл жобаның мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, ауыл өмірін жаңа деңгейге көтеруде. Әрбір қолдау алған жоба – ауылдың дамуына қосылған үлес. Алдағы уақытта жоба арқылы ауыл тұрғындары өз кәсібін одан әрі дамытып, елдің экономикалық өлеуетін арттыруға үлес қосады деп сенеміз. Жобаның жемісті болуы – ауылдардың көркейіп, халықтың әл-ауқатының жақсаруына кепіл болары сөзсіз.

**P.S. «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ 26 ҚАРАШАСЫНДАҒЫ №1 «ҚР АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРЫН ДАМУДЫҢ 2023-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУ АЛҒАН БОЛАТЫН.**

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,  
Ойыл селосы.

## АҒЫЛШЫННЫҢ «АЛТЫН БҒҒЫСЫ» АЛИХАННЫҢ ЕНШІСІНДЕ



25 жасында Жазушылар одағына мүше болып, 26-сында «Ерен еңбегі үшін» медалін алған қаламгер, жерлесіміз Әлихан Жақсылықтың «Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе?» романы ағылшын тіліне аударылғанын газетіміздің алдығы сандарында жазған болатынбыз. Шетелдік кітапсүйер қауымға да жол тартқан романның таныстырылымы Лондон қаласында өтті. Жақында сүйінші хабар жетті. Қазақ руханиятына сүбелі үлес қосып жүрген жас жазушының романы Ұлыбританияда жаңа белесті бағындырып, бас жүлде иеленіп, «Алтын бұғы» премиясымен және алтын сертификатымен марапатталды. Ағылшын тіліне аударған аудармашы Бақтыгүл Маханбетова. Аудармашымен тілде-скенімізде: «Hertfordshire Press – бұл бүкіл әлемдегі ағылшын тілді оқырмандарды Еуразиямен аймақ авторларының кітаптарын, журналдарын, нұсқаулықтарын басып шығару және әдеби фестивальдер мен форумдар өткізу арқылы біріктіретін ерекше баспа. Бұл британдық баспа үйінің жұмыс жасап жатқанына 15 жыл. Негізін қалаған жемісті еңбек етіп жүрген Марат Ахмеджанов. Осы баспада Әлиханның «Нотр-дамда құлшылық жасау керек пе?» романы басылып шықты. Баспа үйі жыл сайын гранттарын ұсынып, үздік деп

танылған 10 автордың шығармаларын осы баспадан басып шығарады. Демеушілер қолдауымен бірнеше кітаптар да осы баспа арқылы Еуропаға таныстырылуда. Қазақ әдебиетінің қазіргі уақытта биік белеске көтерілуі, Әлиханның еңбегінің бағалануы, шетелдік әдеби жобаларды қадағалап, зерттеп отыратын әдебиет танушы мамандардың назарына ілігуі біздің қазақ әдебиеті үшін үлкен жеңіс. «Hertfordshire Press» баспа үйінің ұсынған премияларының қатарында Әлиханның есімінің аталуы, «Алтын бұғы» премиясын алып, алтын дипломмен марапатталуы жеке-кеңіс емес, үлкен жеңіс қазақ әдебиеті үшін, қазақ руханияты үшін. Биылғы жылы 8-ші рет Шотландиядағы Гринк қаласында Евразиялық шығармашылық апталығы аталып өтілді. Виза берілмеуіне байланысты Әлихан екеуіміз бара алмадық. Алдағы уақытта біз одан да үлкен жеңістерді бағындырып, жақсы нәтижелерге жетеміз деген ойдамын», - дейді.

**P.S. «HERTFORDSHIRE PRESS» БАСПАСЫ «АЛТЫН БҒҒЫСЫ» ПРЕМИЯСЫН БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ БІРНеше НОМИНАЦИЯДА АЛҒАШ РЕТ ҰСЫНДЫ. ӘЛИХАН ЖАҚСЫЛЫҚ ОСЫ ПРЕМИЯ БОЙЫНША АЛТЫН ДИПЛОМНЫҢ ТҰҒЫШ ИЕГЕРІ.**

Г.АБАЙҚЫЗЫ

### СЫБАҒА:

**ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАҢҒЫРТЫП, ҰРПАҚҚА РУХАНИ ТӨРБИЕ БЕРУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДА БІРЛІК ПЕН ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АПТАЛЫҚ АЯСЫНДА СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР, ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬДЕР ЖӘНЕ ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ АКЦИЯЛАР ӨТЕДІ.



Ауданымызда фестивальдің алғашқы күні кеше «Сыбаға – береке мен бірліктің асы» атты тағылымдық кеш өтті. Ұлттық мұрамызды ұлықтап, қазақ халқының салт-дәстүрлерін жаңғырту мақсатында өткен кеш жастарға ұмытылмас әсер қалдырды. Шара қазақ халқының бай мәдени мұрасын жастар арасында насихаттап, ұмытылып бара жатқан дәстүрімізге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған. Кеш барысында арнаулы келген қонақтар жастарымызды «Сыбаға» ұғымымен тереңірек таныстырды.

Ойыл аудандық музейінің директоры Балқия Рысбаева «Сыбаға» - тек тамақ ұсыну ғана емес, ол үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, туыстық қарым-қатынасты нығайту сынды құндылықтарды қамтытып

терең мәні бар ұғым екендігін айтып өтті. Шараға келген қонақтар арасында ардақты әкелеріміз және аяулы аналарымыз жастарға шеберлік дәріс өткізді.

Әкелеріміз етті қалай жіліктеу керектігі, аналарымыз табақ тарту жайында өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, салт-дәстүрлерімізге кеңінен тоқталды.

Танымдық кеш барысында жастар өз сұрақтарын қойып, аға буын өкілдерімен тәжірибе алмасты. Шара соңында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев танымдық кеш жайына шара емес, бұл ұлттық рухты оятуға бағытталған қадам екенін тілге тиек етіп, жастардың жүрегіне ұлттық құндылықтарға жаңа серпін беретініне сенім білдірді.

## ТӨРТ ОКРУГТЕГІ КЕЗДЕСУ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРДІ АЙҚЫНДАУ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ҚАРАОЙ МЕН ҚҰБАСАЙ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЖӘНЕ САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САРБИЕ МЕН ҚАРАКӨЛ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ӨТКЕН МЕРЗІМІ ІШІНДЕ АУДАН АУМАҒЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫ АТАЛЫП ӨТІЛДІ.

Қараой ауылдық округіне қатысты өзекті мәселелерге тоқталып, бірқатар жұмыстардың алдағы жоспарларға енгізіліп отырғандығын жеткізді. Сондай-ақ, ауыл тұрғындарынан «Ойыл-Қараой» аудандық маңызы бар автомобиль жолын қайта жөндеп аудан орталығымен қатынасты қалыпқа келтіру мәселесі көтерілді. Сонымен қатар қазіргі таңда белең алған түрлі мал ауруларының алдын-алу шараларын жүзеге асыруды сұрады.

Көтерілген мәселелер бойынша жауапты мекеме басшыларына тапсырмалар берілді. Түстен кейін кездесу Сарбие ауылдық округінде жалғасты. Асқар Қазыбаев округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы мақсатында атқарылған жұмыстар мен алға қойылған міндеттер, күн тәртібіндегі өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары туралы баяндады.

Сарбие ауылдық округінің тұрғындары тарапынан ауданға қатынайтын көтерме жолды жөндеу, қазіргі таңда

тозығы жетіп тұрған ауыз су құбырларын жаңарту, Қаракөл ауылына ұялы байланыс желісін қосу сынды өзге де сұрақтар қойылды. Аудан басшысы ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Кездесу соңында, ауыл тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізілді. Өткен аптаның соңында аудан әкімі Саралжын ауылдық округінің Бестамақ, Ақкемер, Кемер, Шиқұдық ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында округтің әлеуметтік-экономикалық да-

муы мақсатында атқарылған жұмыстар мен алға қойылған міндеттер, күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы баяндады. Саралжын ауылдық округінің тұрғындары тарапынан Ақкемер, Кемер, Шиқұдық елді мекендеріне газ құбырын тарту мәселесі, Шиқұдық ауылына таза ауызсумен қамту жұмыстарын жүргізу бойынша бірқатар сұрақтар қойылды. Аудан басшысы ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Кездесу соңында, ауыл тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізілді.

**ЖОЛДАУ-2024:**

**АҚТӨБЕДЕ АУЫЛДАРДЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ БҒАҚСҢДІ ЖАЛҒАСУДА**



Мемлекет басшысының ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында биыл Ақтөбе облысында 27 елді мекенді газдандыруға байланысты 21 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның бесеуі өткен жылы басталған болса, 16 жаңа жоба.

Мәселен, 2025 жылға қарай елді мекендердің 64 пайызы немесе облыс халқының 97,2

пайызы газбен қамтамасыз етілмек. «Qazaq Gaz Aimaq» АҚ-ның облыстық филиалының инвестициялық бағдарламасы аясында Мұғалжар ауданы Қожасай ауылында салынып жатқан газ құбыры жарын аяқталады. Сондай-ақ 2025 жылы тағы тоғыз ауыл газбен қамтылады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорынан биылғы жылы 20 елді мекенді газдандыруға байланысты 14 жобаны жүзеге асыруға 9,2 млрд теңге бөлінді. Төрт ауылға газ жүргізуге байланысты 365,2 млн теңгеге тағы екі жоба облыстық бюджеттен қаржыландырылады.

**073/У АНЫҚТАМАСЫН EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҮШ ҚАДАМ АРҚЫЛЫ АЛУҒА БОЛАДЫ**

EGOV.KZ ПОРТАЛЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР АЛУШЫНЫҢ КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРУҒА ЖАРАМДЫ ЕКЕНІН РАСТАЙТЫН 073/У НЫСАНЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ АЛА АЛАДЫ. ЖАҢА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ЖҮРГІЗУШІ КҮӨЛІГІН РЕСІМДЕУ, ҰЗАРТУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ПРОЦЕСІН АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ.

073/у нысанындағы медициналық анықтама – барлық жүргізушілер үшін міндетті құжат, ол көлік құралын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқ екенін растайды. Бұрын азаматтар бұл анықтаманы төрт маманнан (терапевт, психиатр-нарколог, офтальмолог және отоларинголог) медициналық тексерістен өткеннен кейін қағаз түрінде алатын. Жаңа көрсетілетін қызметтің арқасында eGov.kz порталында медициналық анықтама алу процесі жеңілдеді. Енді пайдаланушылар медициналық тексерістен өткеннен кейін анықтаманы электрондық форматта алады, ал цифрлық құжат автоматты түрде бірыңғай деректер қорында сақталады.

**КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН:**  
- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Денсаулық» - «Медициналық көмек» бөліміне


не өту;  
- «№ 073/у нысаны бойынша медициналық анықтама беру» қызметін таңдау;  
- қол жетімді қол қою әдістерінің бірімен өтінішке қол қою қажет. Көрсетілетін қызметті алу нәтижесінде мамандардың қорытындысы бар медициналық анықтама PDF форматында пайдаланушының жеке кабинетінде қолжетімді болады. Анықтама оны алған сәттен бастап бір жыл бойы жарамды.

Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Денсаулық министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

**СПРАВКУ 073/У МОГУТ ПОЛУЧИТЬ КАЗАХСТАНЦЫ В ТРИ КЛИКА НА ПОРТАЛЕ EG0V.KZ**

ПОЛЬЗОВАТЕЛИ ПОРТАЛА EG0V.KZ МОГУТ ПОЛУЧИТЬ МЕДИЦИНСКУЮ СПРАВКУ ФОРМЫ 073/У, ПОДТВЕРЖДАЮЩУЮ, ЧТО ПОЛУЧАТЕЛЬ В СОСТОЯНИИ УПРАВЛЯТЬ ТРАНСПОРТНЫМ СРЕДСТВОМ. НОВАЯ УСЛУГА ЗНАЧИТЕЛЬНО УПРОЩАЕТ ПРОЦЕСС ОФОРМЛЕНИЯ, ПРОДЛЕНИЯ И ВОССТАНОВЛЕНИЯ ВОДИТЕЛЬСКОГО УДОСТОВЕРЕНИЯ.



Медицинская справка формы 073/у — обязательный документ для всех водителей, который подтверждает отсутствие противопоказаний к управлению транспортным средством. Ранее граждане получали эту справку в бумажном виде после прохождения медицинского осмотра у четырех профильных специалистов (терапевта, психиатра-нарколога, офтальмолога и отоларинголога). Благодаря новой услуге, процесс получения медицинской справки на портале eGov.kz стал проще. Теперь пользователь получает справку в электронном формате после завершения медицинского осмотра, а цифровой документ автоматически сохраняется в единой базе данных.

**КАК ПОЛУЧИТЬ УСЛУГУ ОНЛАЙН:**  
- авторизоваться на портале eGov.kz и перейти в раздел

«Здравоохранение – Медицинская помощь»;  
- выбрать услугу «Выдача медицинской справки по форме № 073/у»;  
- подписать запрос одним из доступных методов подписания. В результате получения услуги медицинская справка с заключениями специалистов будет доступна в личном кабинете пользователя в формате PDF. Справка действительна в течение одного года с момента её получения. Новая услуга была реализована при сотрудничестве Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, АО «Национальные информационные технологии» и Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

**Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».**

**EGOV MOBILE ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫ СМАРТФОННАН АВТОКӨЛІК ТАРИХЫН ТЕКСЕРЕ АЛАДЫ**



Бұрын автокөлік тарихын тексеру қызметі электрондық үкімет порталында қолжетімді болды. Енді eGov Mobile мобильді қосымшасының пайдаланушылары көлік құралының иелену тарихы туралы ақпаратты смартфондарынан бірнеше қадам арқылы тікелей ала алады. Бұл ақпарат алу процесін айтарлықтай жылдамдатып, автокөлік сатып алу кезінде тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Сервис көлік құралының ҚР аумағында алғашқы тіркелген күні, келіп немесе ауыртпалықтың болуы, сондай-ақ алдыңғы иелерінің жалпы саны сияқты көлік құралы туралы толық ақпаратты тексеруге мүмкіндік береді. Бұл ретте алдыңғы иелердің жеке деректері құпия болып қалады. Қызметті пайдалану үшін қосымшада автокөліктің мемлекеттік нөмірі мен техникалық паспорт нөмірін енгізу жеткілікті. Осыдан кейін пайдаланушыға көліктің толық мәліметтері, соның ішінде

маркасы, шығарылған жылы, қозғалтқышының көлемі, шаңақтың түсі және қосымша жабдықтардың болуы ұсынылады.

**СЕРВИСТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА:**  
- eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өтіп, «Қызметтер» - «Жүргізу және көлік» - «Автокөлікті иелену тарихы» бөліміне өту;  
- автокөліктің мемлекеттік нөмірі мен көлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірін көрсету;  
- «Іздеу» батырмасын басу;  
- көлік құралы туралы толық деректі алу қажет. Сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ішкі Істер министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

**ПРОВЕРИТЬ ИСТОРИЮ АВТО СО СМАРТФОНА МОГУТ ПОЛЬЗОВАТЕЛИ EG0V MOBILE**

Ранее сервис проверки истории авто был доступен на портале электронного правительства. Теперь пользователи мобильного приложения eGov Mobile могут получить информацию об истории владения транспортным средством в несколько кликов прямо со своих смартфонов. Это значительно ускоряет процесс получения информации и помогает минимизировать риски при приобретении авто. Сервис позволяет проверить полную информацию о транспортном средстве, такую как дата первичной регистрации авто на территории РК, наличие залога или обременения, а также общее количество предыдущих владельцев. Персональные данные предыдущих владельцев при этом остаются конфиденциальными. Для использования сервиса достаточно ввести в приложение государственный номер автомобиля и номер техпаспорта. После этого пользователю предоставляются

подробные данные о транспортном средстве, включая марку, год выпуска, объем двигателя, цвет кузова и наличие дополнительного оборудования. **ЧТОБЫ ВОСПОЛЬЗОВАТЬСЯ СЕРВИСОМ, ПОЛЬЗОВАТЕЛЮ НЕОБХОДИМО:**  
- авторизоваться в приложении eGov Mobile и перейти в раздел «Услуги» - «Возждение и транспорт», выбрать «История владения авто»;  
- указать государственный номер автомобиля и номер свидетельства о регистрации транспортного средства;  
- нажать на кнопку «Поиск»;  
- получить подробные данные о транспортном средстве. Сервис был реализован при сотрудничестве Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, АО «Национальные информационные технологии» и Министерства внутренних дел РК.

**Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».**

**ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ЖҰМЫСШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ**

Егер сіз 55 жасқа толсаңыз, онда сіз міндетті кәсіби зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін ала аласыз. Ол үшін сіздің жұмыс берушіңіз зиянды еңбек жағдайындағы қызметіңіз үшін 84 айдан астам уақыт бойы МКЗЖ аударған болуы тиіс. 55 жастан бастап төлемдерді алу үшін, зиянды еңбек жағдайындағы қызметті тоқтату немесе зиянды факторлар-

дың әсері болмайтын басқа жұмысқа ауысу қажет. Зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жұмыс берушіге еңбек келісімшартын тоқтату немесе басқа жұмысқа ауысу туралы өтініш беру жеткілікті. 2024 жылдың 1 қаңтарына дейін зиянды еңбек жағдайында жұмыс істемегендер, бірақ 55 жастан асқан және 84 айдан астам уақыт бойы төленген МКЗЖ бар азаматтар ХҚКО-ға жүгіне алады.

**ПЕНСИОННЫЕ ВЫПЛАТЫ ДЛЯ РАБОТНИКОВ С ВРЕДНЫМИ УСЛОВИЯМИ ТРУДА**

Если вам исполнилось 55 лет, вы можете получить пенсионные выплаты из ЕНПФ благодаря обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ). Это возможно, если ваш работодатель в общей сложности перечислял ОППВ за работу во вредных условиях не менее 84 месяцев. Чтобы начать получать выплаты с 55 лет, нужно либо прекратить работу в вредных условиях, либо перейти на

другую должность, где нет воздействия вредных факторов. Для назначения пенсионных выплат достаточно подать заявление работодателю о расторжении трудового договора или переводе на другую работу. В ЦОН могут обратиться те, кто достиг 55 лет и у кого есть не менее 84 месяцев ОППВ, при этом они не работали во вредных условиях на 1 января 2024 года.

**БЖЗҚ – ДАҒЫ ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР**

БЖЗҚ өзінің цифрлық қызметтерін жаңартты. БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы және eprf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы не істеуге болады?  
1. Жерлеуге арналған төлем Қайтыс болған адамның отбасы мүшелері жерлеу төлемдерін алуға өтінішті онлайн режимінде бере алады.

жүрдісін жеңілдетіңіз. Бұл БЖЗҚ-дан қызметтерді алу және сіздің ақпаратыңызды қорғау үшін қажет.

**МҰНЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БОЛАДЫ:**  
Жеке кабинеттегі "Қызметтер" бөліміне өтіп, "Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру" қойындысын таңдаңыз.

**МҰНЫ ҚАЛАЙ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ:**  
Жеке кабинеттегі "Қызметтер" бөліміне өтіп, "Жерлеуге жәрдемақы алуға өтініш беру" батырмасын тандаңыз. Қайтыс болған адамның ЖСН енгізіңіз. Жүйедегі қайтыс болғандығы туралы ақпарат пен туыстық байланыстар тексеріледі. Алушының банктік деректемелерін көрсетіп, оларды тексеріп, ЭЦҚ арқылы қол қойыңыз.  
2. Дербес деректерді өңдеуге келісім Жеке деректеріңізді жинауға және өңдеуге келісім беру

Егер келісім әлдеқашан берілген болса, сіз бұл туралы хабарлама аласыз, егер жоқ болса, ұялы нөмірді енгізіп, оны SMS-кодпен растаңыз.  
3. Анықтама алу **Енді сіз барлық қажетті анықтамаларды бір жерден ала аласыз:**  
-Қолданыстағы зейнетақы шоттарының бар болуы туралы мәліметтер  
-МКЗЖ төленген айлар саны туралы анықтама.  
-Бұрынғы әскери қызметшілер үшін МЗЖ-ның 50% қайтарылғанын растайтын анықтама.

**НОВЫЕ ЦИФРОВЫЕ УСЛУГИ ОТ ЕНПФ**



**ЕНПФ обновил свои цифровые сервисы. Вот что вы можете сделать через личный кабинет на сайте eprf.kz или в мобильном приложении ЕНПФ**  
1. Выплата на погребение. Теперь члены семьи умершего лица могут подать заявление на получение выплат на погребение онлайн.  
**КАК ЭТО СДЕЛАТЬ:**  
В личном кабинете перейдите в раздел «Услуги» и выберите вкладку «Подача соглашения на выплату в связи со смертью получателя (на погребение)». Введите ИИН умершего лица. Система проверит наличие сведений о смерти и подтвердит родственные связи. Укажите банковские реквизиты получателя, проверьте их и подпишите заявление ЭЦП.  
2. Согласие на обработку персональных данных. Упростите процесс предоставления согласия на сбор и об-

работку ваших персональных данных. Это необходимо для получения услуг от ЕНПФ и защиты вашей информации.  
**КАК ЭТО СДЕЛАТЬ:**  
В личном кабинете перейдите в раздел «Услуги» и выберите вкладку «Подача соглашения на сбор и обработку персональных данных». Если согласие уже было подано, вы получите уведомление об этом, если нет, то введите мобильный номер и подтвердите его с помощью SMS-кода.  
3. Получение справок **Теперь вы можете получить все необходимые справки в одном месте:**  
-Сведения о наличии всех действующих пенсионных счетов.  
-Справки о количестве месяцев, за которые уплачены ОППВ.  
-Справка-подтверждение возврата 50% ОПВ для бывших военнослужащих.

АЙНАШ ҚАСЫМ

Бәрі «Мәңгілік махаббат» әуенінен басталды.

Таңертең оянған соң күнделікті әдетінше әлеуметтік желіге бас сұғып, жаңалықтар ағынымен таныспақ болды. Негізгі бетке көз жүгіртіп үлгермей жатып, хат келгенін байқады. Асқар... таныс есім, таныс жігіт.

Екеуі бір жоғары оқу орнында, бір мамандықта оқыды. Қазір әлеуметтік желіде бірнеше жылдан бері «дос» болып, бір-бірінің суреттері мен жазбаларына «лайк» басқаннан арыға бармайтын.

Дегенмен араларында көзге көрінбейтін, екеуін байланыстыратын бір нәзік жіптің бар екенін іші сезетін. Хатты таңғы сағат үште жолдапты. Не жазды екен деген қызығушылықпен ашты.

Жеке жазған сөзі жоқ, бар болғаны бір сілтеме жіберіпті. Сілтемені басып, сайтқа өткен соң, француз тіліндегі «Мәңгілік махаббат» әнін тыңдады. Сол сәт әуеннің әсеріне елітіп: «Иә, ең бастысы – ұмытпау, ең бастысы – естелік», – деп күбірлеп отырғанын аңдамады. Ұмытпайтындай не болып еді?

Көз алдына бойшаң, жұқалтаң, келісті сары жігіт елестеді. Екеуі бір факультеттің студенті болғанымен, ол бұдан бірнеше курс жоғары оқыды. Одан бері де көп жыл өте шығыпты. Өз курстастарымен емес, төмен курстағы бір жігітпен дос болатын.

Қашан көрсе де екеуі тел қоздай бірге жүретін.

Екеуінің басын біріктірген болашақ мамандықтары ма, әлде жерлестік сезім бе, жоқ көзқарас ортақтастықтары мен пікірлестік пе, беймәлім.

Осы жігіттің өзіне қандай қатысы бар? Әлде, екеуі студенттік шақта сөйлеспі пе еді? Ол кезде кім кіммен сөйлеспепті?

Дәлізде кездескенде көзтаныс адамдар болғандықтан әлбетте сәлемдесіп, бір-біріне бір ауыз тіл қатқан болар.

Қазір бар болғаны сүйкімді жыммысын ғана көз алдына елестете алады.

Оның өзі анық, айқын. Алайда қай кезде жымған? Бәлкім... Ондай болса нәліктен есінде жоқ? Жадының қалтарыс-бұлттарысы, қатпар-қатпары мен түкпір-түкпірінде қалып қойған ескі естелікті жаңғыртқысы келіп, қанша тырысқанымен, есіне ештеңе түспеді.

Ұмытып қалатындай, әзір шау тарта қойған жоқ. Ауылда балабақша болмаған, сондықтан өтірік айтпайды.

Үйдің іші мен ауласында өткен балалық шақтан бастап, мектептегі, университетте қабырғасындағы, университеттен тыс бүкіл оқиға естелік болып, санасында сақталған. Университет демекші, бір ұстазының кабинетіне шақырып, «сөз айтқанын» да ұмытуға тырысқанымен, зердесіне пәрмені жетпей келеді.

Асқардың өзінен сұрап көрсе қайтеді? Жоқ, аса ынта танытуға болмайды.

Сыр білдірмегені жөн. Осы ойға тоқтады. Есіне бірнеше жыл бұрынғы тағы бір оқиға оралды.

Өзі оқыған университетке бір бас сұққанда әлдеқалай ортақ таныстарын кездестіріп қалған.

Амандық-саулықтан кейін Асқардың сұрағанын айтты.

- Сен не дедің?

- Оны ұмыт дедім.

- Ол ұмытатындай, мені ойлаушы ма еді?

- Сен білмеуші ме едің?

- Жоқ.

- Ол сені жақсы көретін. Өлі есінен шығара алмаған сияқты.

- Бұл туралы сенен естіп тұрмы.

- Өзі сезімін білдірмеп пе еді?

- Есімде жоқ, айтпаған сияқты.

# МАХАББАТ ӘУЕНІ

(әңгіме)



- Қызық екен. Біз білетінбіз. Дәлізде құрбыларыңмен кетіп барарда бәріміз Асқарға: «Әне, сенің ғашығың», - дегенде қызарақтап қалатын. Бұл әңгіменің де ұмытылғаны қашан.

Енді міне, тағы алдынан шығып тұр.

Сол Асқар бүгін әуежайда күтіп алды. Оның әуежайға келіп, тосып тұрғанына сәл таңырқап қалды.

Өйткені соңғы хабарламада: «Мен жеткен соң хабарласамын», - деп жазған.

- Әуежайға келіп әуре болма, орналасқан соң локация жіберем деп ем ғой...

- Өзім жеке қарсы алғым келді. Студент кездегі бұрынғы Асқар өзгерген. Өзіне сенімді дүр жігіт.

Қапсағай денелі, шыныққан, шымыр, сабырлы, салиқалы азамат.

Келікте келе жатқанда қалай жеткенін сұрады. Содан әңгіме студенттік шақтағы ортақ достарына ауысқанда: «Екеуімізді таныстырған сол Әрсен ғой», - деді.

Гүлия мұрсатты тиімді пайдаланып, сөзінің сірәғысы ретінде: «Қалай танысқанымызды айтып берші», - деп өтінді.

- Дәлізде кафедраның алдында тұрдық. Әрсен маған қарап: «Міне, сен сұрап жүрген қыз – Гүлия», - деді.

Сосын саған: «Менің ең жақын досым – Асқар. Сенімен таныстыр деп қолқалап жүргеніме біраз болды», - деп көп сырдың ұшығын аңғартатын кейіппен жұмбақ жымиды. Әрсен сол тұрған күйде де әр нәрсе айтып, өзіндейін қоймады. Оның сөзінің шыны қайсы, қалжыңы қайсы екенін ажырату қиын қуақы жігіт еді ғой. Хабарласып, әрегідік елге келгенде кездесіп тұрамыз. Түк өзгерген жоқ.

Әншейінде онымен бірге қылжақтасып, қосыла күлетін мен сол жолы оның сөзін естімей, бар назарым саған ауды. Сенен көз ала алмай, сұқтана қарадым.

Ішімнен өзіме: «Ақындардың жаттанды теңеулерін бұл жолы мойындамасқа шарам жоқ».

«Қыпша бел, биік мықын, аққу мойын, түзу аяқ» деп сипаттайтын сұңғақ бойлы, сымбаты ерек арудың нағыз өзі. Ашаң, ақ жүзіне жарасып, арқасын жапқан толқынды, қоңыр шашы қандай әсем...», - деп ойладым.

Сені ұнаттым. Сенің көркіңді ғана емес, аққарқын, көңілді қалпыңды, ойынды еркін айтатын, өзіңе сенімді мінезінді құп көрдім.

Әрсен сенің курстағы озат, топтағы алғыр студент екенінді айтқан. Сөйлескен сайын оған көзім жете түсті. Сөндермен бір топта оқитын, күнде бір ау-

диторияда отыратын досыма қызықтым.

- Дәліз үнемі ала көлеңке болып тұратын. Мұның бәрін қалай анық байқап қойдың?

- Сол күні дәліздің жарық болғаны есімде.

Тез арада сөз тауып кеткен тапқырлығына риза болған екеуі қосыла күлді.

– Бір кезде бәріміздің ортақ ұстазымыз болған Фазыл Сардарзаданың келе жатқанын көріп, Әрсен екеуіміз сенен шегіншектей бастадық. Келбетті, бірақ жұты суық, мысы басып тұратын кісі еді. Мұртының сол жақ ұшын саусағымен шырып: «Сабақ баяғыда басталып кетті. Аудиторияға неге кірмейсіңдер?» - деді.

Зілсіз екпінмен айтылған ұстазымыздың сөзіне мойынсұнып, сен бізбен қоштаспастан жылдам басып, аудиторияға ендің. «Өттең...» - деген өкініш табы жүзімнен мен мұнда лаған аужайымды байқаған Фазыл Сардарзада: «Сенің жағдайың белгілі болды» деген көзқараспен миығынан күлгендей көрінді. Сабақта сұсты көрінгенімен, өмірде қарапайым, жүрегі жұмсақ адам болатын. Әрсен де ағайдың соңынан өкшелеп, аудиторияға кірді.

Кейін ағай сабақтың соңында бір жеке қалғанда менен: «Саған бірінші курстағы Гүлия ұнай ма?» - деп сұрады. Ойланбастан басымды шұлғып: «Иә, Фазыл Сардарзада», - дедім. Ойлы жанарымен жүзіме біраз тесіле, сынап қарады. Басқа ештеңе деген жоқ. Сөзсіз, бірақ көп нәрсенің ұшығын аңғартатын көзқарас еді.

Онысын қозыларын қасқырату қорып жүрген қойшының сақтығына ұқсаттым. Бұл сұрақтың бір күні қойылатынын күтіп жүргем. Өйткені, таныстықтан кейін көзімнің бір қиығымен болсын сені көріп қалсам деген ниетпен аудиторияларыңның маңын жиі торуылайтын болғам. Сол кездері ұстазымыздың көзіне түсіп қалатынымын. Мен ол кезде ұнайтыныңды айтқаннан әріге бара алмадым. Оған ұяң мінезім бе, әлде сенің маған мән бермеген немқұрайлығың себеп болды ма, нақты айта алмаймын.

Сырымды айтам деп, шынымды айтып қоятын болдым-ау. Мейлі, бастаған өкем, айтайын. Сені айналшықтап жүрген менен де басқа жігіттердің бар екенін көрдім. Содан кейін бе, әйтеуір мен нақты қадам жасауды кейінге қалдыра бердім. Сөйтіп, әрі-сәрі болып жүргенде оқу да аяқталып, жұмысқа тұрып, өмірдің ағымына ілестім.

– Танысқан әр адамға қызығушылық таныта берсем, не болғаным?! Пәлі, бақталас пен бәсекелес қай жігітке болмайды екен? Ең қызығы да солардың арасынан суырылып шығып, қыздың жүрегің жаулап алуда емес пе? – Иә, дұрыс айтасың. Алайда сен маған көңіл аударатындай ол кезде мен кім едім? Қатардағы қарапайым студент... – Шындықты айтуға бел буған екенбіз, мені де тыңда. Сен айтқан, бірақ мен олардан хабарсыз жігіттердің де ол кезде сенен асып бара жатқан ештеңесі болмағанына сенімдімін. Олар да өзіңнің қатарластарың болғандықтан қай жағынан алсаң да сенімен деңгейлес болғаны шүбәсіз. Қазір ғой, бірі ғалым, басқасы өмірден өз орындарын тауып, олар туралы «бірге оқығанбыз» деп ауыз толтырып, мақтанып айтатын дәрежеге жетіп отыр. Біздің студенттік шағымыз Кеңес Одағы құлаған аумағын төкпелі заманға деп келмеп пе еді? «Сен қарайтындай» дейтіндей, мен де ешкім емес едім. Ол кезде әсіресе студенттердің күйі келіспей жүргені өзіңе аян. Соған қарамастан сабақтан басқаны ойламайтынбыз. Алдында ата-ананың, ұстаздардың үмітін ақтау үшін жақсы оқу керек деген мақсат қана болатын. Қыстыгүні терезесі сынық, моладай азынаған суық бөлмеде құрбым екеуіміз үстімізге бар жылы киімімізді қабаттап киіп, сабақ оқитынбыз. Таңертең университеттегі оқу залына барып, түсте басталатын сабаққа дайындалып отыратынбыз. Сен жатақханада тұрмағандықтан білмейтін шығарсың. Кейде қара су мен қара нанды талғажау етіп ұйықтайтын кезіміз болған. Бұл тек менің басымдағы хал емес, басқа да замандастарым кешкен жағдай. Өзіміңіз әдемі екенімді білдім бе, білмеймін... Сымбатты әдемілік десе, одан кенде болмаған сияқтымын. Осыған қатысты басымнан өткен бір оқиғаны айтып берейін. Бір күні қыздармен университеттен төрт бес-аялдама жерде орналасқан қоғамдық моншаға бардық. Моншаға енген соң бір-бірімізден бөлініп кеттік. Құрбыларымың бірі душқа, біреуі қолындағы легеніне су құюға, мен бу бөлмесіне бет алдым.

Бу бөлмесіне енгенде қалың бұдан көзім ештеңе көрмей, есіктің түбінде тұрып қалдым. Ішінде біраз адамның бар екені сыбыр-күбірлері мен қимыл-қозғалыстарынан сезілді. Бір кезде құлағыма олардың біреудің сымбаты туралы там-

санып айтып жатқан сөздері естілді:

- Сен журналының мұқабасынан түсе қалғандай...

- Апыр-ай, біздің моншаға да мұндай қыздар келеді екен-ау...

- Бойжеткен, сіз киім үлгілерін көрсетесіз бе? Сол кезде ғана істің байыбына барған менің бетім ду ете қалды.

Ыстық бұдан көзім кеңістікке әлі үйрене алмай, жоғары көтерілуге қорғанып тұрған мені отырған әйелдер сән үлгілерін көрсететін журналдардағы модельге балап, сұрақты тепелетіп қойып жатыр екен.

Шектен тыс бөлінген көңілге ыңғайсызданған менің «жоқ» деген сөзді мұрнымның астынан міңгірлеп айтуға ғана мұршап жетіп, жуынатын бөлімге өтіп, тез шайындым да, киініп алып, шығып кеттім.

Сол оқиғадан кейін қоғамдық моншаның табалдырығын аттап баспайтын болдым. Мүмкін, сенің ойыңды дұрыс түсінбеген болармын. Досым деп жақсы көретін шығар дедім бе? Бірақ өзінді ерекше сыйлағанымызды, құрметімің арта түспесе, азаймағанын білесің ғой? Әрсеннің досы ғана емес, әріптесім, өзіміңіз досым ретінде де саған деген көңілім алабөтен. Соңғы уақыттағы хат алмасудан кейін сені бұрынғыдан бетер таныдым. Жаныңның нәзік, сезімнің таза, риясыз адам екендігіңе көзім жете түсті.

Әуежай мен отельдің арасы қашық болмай шықты. Өңгімемен өне-міне дегенше жол да еңсерілді. Заманауи үлгідегі бес жұлдызды отельдің ресепшніндегі қыз жылдам қабылдап, құжат толтырған соң шылым шегілткен бөлме бермек болып: «Он алтыншы қабатқа қалай қарайсыз? Биіктен қорықпайсыз ба?» - деп сұрады. Гүлия бүгінгі кездесудің әсерінен шыға алмай, ойы қиял әлемін шарлап кеткендіктен, бейжай кейіппен: «Бере беріңіз», - деді. Қыз магнитті кілтті қолына ұстатты.

Меймандардың жүгін бөлмеге жеткізетін беллбой шабаданға қол созып еді. Асқар оның қызметінен сыпайы бас тартып, өзі апаратынын айтты. Лифтке міне салысымен, екеуі де тынысты тарылтқан беттегі масканы да шешті-ау... Соншама жылдан кейін бір-бірін жүзбе жүз бірінші рет лифтінің ішінде көрді.

– Сен еш өзгермегенсің, Гүлия. Уақыт сен үшін тоқтап қалғандай. Студент кезіндегі әдемілігің сақталған. Тіпті бұрынғыдан бетер сұлулана түскенсің. Сенің суреттеріңді көргенде бәлкім, бұл бар болғаны сурет болар, осынша уақыт өткенде өмір адам-

ның жүзіне өз өрнегін салмай қоймайды деп ойлайтынмын. Бірақ, қазір көріп тұрғандай, болжамым бұрыс шықты. Сен әлі сұлу, әрі сымбаттысың. Төлқұжаттағы жас бар болғаны сан ғана. Саған қарасам көзім тоймайды...

Гүлия өзінің әлі сыны кетпегенін білетін. Бірақ оған масаттанып, ешқашан асып-тасқан емес. Мінезі біртоға, салмақты. Салауатты өмір салтын ұстанады. Өз жасына лайық талғаммен киінеді. Сәл нәрсе болсын шынайы қуана біледі. Ең бастысы, өмірге ынтық.

Лифт екеуін қажет қабатқа жеткізді. Есікті ашып, бөлмеге енді. Кіреберісті қосқанда екі бөлме. Сол жақта жуынатын жай. Қарсыда киім ілетін, ішінде сейфі бар үлкен шкаф. Жатын бөлме кең, жарық, әдемі, талғамға сай жабдықталған, ортасына екі кісілік төсек қойылған. Төсектегі сықырлаған ақ жаймалы жабдық бөлменің салтанатын арттыра түскендей.

Төсектің оң жағындағы кең кеңістіктің өзін жеке бір бөлме десе болады. Былғары жалпақ кресло, торшер мен емен ағашынан жасалған ауыр стол қойылған. Терезенің деңгейінде үлкен телевизор тұр. Терезе бір қабырғаның жартысын қамтыған. Басты айналдыратын биіктен төмен қарасаң, Парсы шығанағының суы қарауытып көрінеді. Тура қарсыда құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Құрылысшылардың қараң-құраң бейнесі көрінгенімен, айғай-шу естілмейді. Жанға жайлы тыныштық. Мұның бәрін пердені жабу үшін барғанда байқады. Қалың жарық өткізбейтін пердені ортаға қарай тартып әкелгенде, бөлмеде сырлы, тылсым бір күй орнады.

Асқар креслоға барып отырды. Жеңіл, жағымды өтірдің иісі сезіліп, бойынан жылы бел ескендей болды. Осынша уақыт бір-бірін танитын, беріте емін-еркін сөйлесіп, хабарлама жазысып жүрген екеуінің оңаша қалғанда қысылғандары рас. Осы сәт Гүлияның есіне тұн ортасына дейін екеуі сырласып отырғанда Асқар жанында, мүмкін телефонның бетінде тұрғандай абайсызда соған қарай қолын созысы келетіні есіне түсті. Енді, міне, бір-бірінің тынысын естіп, бір-бірінің тынысын естіп, қол созым дегенде отырғанда жақындауға немесе бір сөз айтуға екеуінің де батылы жетер емес. Орнаған ауыр үнсіздікті Асқар бұзды.

– Өткен жылдарға өкпем жоқ. Бірақ сен мен үшін жастық шағымның тәтті естелігі, қолым жетпеген арманым болып қалып едің. Университеттегі жылдарды, достарымды еске алғанда арасында міндетті түрде кафедраның алдында көрген сенің бейнеңді елестетімін.

Кейін виртуалды кеңістікте қайта кездестіргенде қатты қуандым. Жариялаған суретіңнің астына екеуіміз білетін тілде «Сол қалпың... еш өзгермегенсің...» деп коммент жазғаным есімде.

Кез келген уақытта хабарласа алатын мүмкіндік болғанымен, арада бір шектеу тұрғандай, бар болғаныңмен, қолым жетпейтіндей көрінетіндіктен саған сырымды айтып, ақтарыла алмай жүрдім. Бір күні таңға жуық француз тіліндегі Une Vie D'amour өнінің сілтемесін жібердім. Сол сілтеменің екеуімізді табыстыратынын ішім сезгендей. Сен жауап жазбағаныңмен, оны ұнатқан белгі қойдың. Осы оқиғадан кейін екеуіміз хат жазыса бастадық. Бізді бұл өмірде екінші рет жолықтырған – «Мәңгілік махаббат» әуені. Мен мәңгілік махаббатқа сенемін.

adebiportal.kz

<p>Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.</p>	 <p>Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.</p> <p>Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.</p>	<p>Газет атасына бір рет шығады. Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1536 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525</p> <p><b>«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.</b> <b>Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.</b> <b>Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.</b></p>
--	--	--

ТАЗА КАЗАҚСТАН:

Аудан жастары жалпыұлттық акцияға атсалысты

Аудандық жастар ресурстық орталығы «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында бірнеше шара ұйымдастырды. Солардың бірі сенбіліктер. Жас ұрпақтың табиғатты аяқтай, құрметтеуге шақырып, жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға үлес қосуды көздеген шараға Ойыл селосындағы бірқатар мекемелер атсалысты. Әсіресе, автокөлік жолдарының бойы мен селонның кіреберісі әртүрлі тұрмыстық қалдықтардан тазартылды.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ, ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫНДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ВОЛЕЙБОЛДАН ЕРЛЕР АРАСЫНДА АЙМАҚТЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ.



Жарыстың ашылу салтанатына Қызылқоға аудандық мәслихат төрағасы, депутаттар қатынасып сөз сөйлеп спортшыларға сәттілік тіледі. Жарысқа Атырау облысының аудандары, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы командалары қатынасты. Волейболдан ерлер арасында аймақтық жарыста ауданның волейболдан жастар құрама командасы жүлделі III орынға ие болды. Жүлделі орынға ие болған командалар мен үздік ойын үлгісін көрсеткен жекелеген ойыншылар сайыс соңында ұйымдастырушылардың қаржылай сыйлықтарымен, медальдарымен және дипломдарымен марапатталды.


ЖОШЫ ҰЛЫСЫ - ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ БАСПАЛАМЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ӨНЕР ЖӘНЕ ТАРИХИ ӨЛКЕ МУЗЕЙІ ОЙЫЛ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІНІҢ ПРЕЗИДЕНТ ЗАЛЫНДА «ЖОШЫ ҰЛЫСЫ-ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ МЕМЛЕКЕТІ» АТТЫ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ШАРА ӨТКІЗДІ.



Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу тарихы мен Жошы ұлысы, Қазақ хандығы және Қыпшақ мемлекеті туралы деректерді зерделеген. Шарада Жошы ұлысының құрылуы мен оның қазақ тарихындағы орны жан-жақты талқыланды. Тарихи деректерге сүйенсек, Жошы ұлысы 1224 жылы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы негізін қалаған алғашқы мемлекет ретінде ерекше аталып өтті. Бұл мемлекет Қазақ хандығының құрылуына ықпал етіп, қыпшақ мәдениетінің дамуына жол ашты. Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің директоры Балқия Рысбаева «Жошы ханның тарихи рөлі және оның Қазақ хандығымен байланысы» тақырыбында дәріс оқыды. Дәрістер аяқталғаннан соң аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің өкілі, кітапхана қорында сақталған Жошы хан мен Қазақ хандығы туралы әдебиеттерді таныстырды. Шара барысында студенттерге викториналық сұрақтар қойылып, олардың тарихқа деген қызығушылығы бағаланды. Сұрақтар Жошы ханның өмірі мен Шыңғыс хан әулеті жайында болды.

«ТАЗА КАЗАҚСТАН» СЕРВИСІ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді ҚР азаматтары eGov Mobile мобильді қосымшасында «Таза Қазақстан» жаңа сервисін пайдалана алады. Функция әрбір қазақстандыққа смартфонның көмегімен өз қалаларын абаттандыру және экология мәселелері туралы хабарлауға мүмкіндік береді. «Таза Қазақстан» сервисінің көмегімен eGov Mobile қосымшасының пайдаланушылары проблемаларды фотосуретке түсіріп, әрі қарай шешу үшін жауапты құрылымдарға ақпарат бере алады. Пайдаланушыларға жолдардың, саябақтардың, кіреберістердің, жарықтандырудың, сондай-ақ қоғамдық және жеке аумақтардың санитарлық жағдайына қатысты мәселелердің кең ауқымы бойынша өтінімдер қолжетімді. Өтінім берілгеннен кейін барлық ақпарат операторға жергілікті атқарушы органнан келіп түседі, ол оны жіктейді және орындаушыны тағайындайды. Өтінім санатына байланысты орындаушы тапсырманы орындауы тиіс уақыт автоматты түрде белгіленеді. Орындаушы жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша фотосуретпен және түсініктемемен кері байланыс береді.



МӘСЛИХАТТЫҢ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ЖҮЛДЕСІН 12 КОМАНДА САРАПҚА САЛДЫ

ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛІП ЖАТЫР. ОСЫ АЙТУЛЫ ДАТАҒА ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫ БОЛУЫМЕН КЕШЕНДІ ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ ЖАСАЛДЫ.



Қазақстан Республикасы мәслихатының 30 жылдығына арналған шара өткен демалыс күндері ойылдықтар үшін оңтайлы спорт - волейболдан мекеме қызметкерлері арасындағы аудандық турнирден бастау алды. Турнирге қатысуға 12 команданың тілек білдіруінің өзі волейболдың ойылдықтар үшін маңыздылығын көрсетсе керек. Екі алаңда жарыс көркін қыздырған турнирдің қорытындысында «Ж.Жүсібаев

атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» командасы жүлделі бірінші орынға ие болса, екінші орынға «Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» командасы, үшінші орын «Ш.Берсиев ауылдық округі» командасының еншісіне тиді. Бұл турнирде ойын қортындысы бойынша үздіктер анықталды. «Үздік ойыншы» аталымымен Ж.Жүсібаев командасы атынан Асланбек Гильматдинов, Ш.Берсиев ауылдық округі командасынан «Үздік қорғаушы» атылымы бойынша Сағизат Дүйсенғалиев, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі командасынан Әли Еркінов «Үздік байланыстырушы» атанды. Жүлдегер командалар және үздік ойыншылар Ойыл аудандық мәслихатының арнайы жүлделерімен марапатталды.

ДЕНІМ САУ БОЛСЫН, ДЕСЕҢІЗ...



Жалпы қандай еңбекте, қандай салалық құрылымда болмасын жетістікке жету үшін ең бірінші нақты мақсаттар қойылуы тиіс. Сол мақсаттарға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілгенде ғана нәтижеге қол жететіні белгілі. Денсаулық сақтау саласындағы нақты мақсаттар Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексында анықталған. Осы Кодекстің «Аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру» деген талаптарын жүзеге асыру мақсатында газетіміздің өткен сандарында мақала жарияланған болатын. Мақалада тұтастай алғанда денсаулығымыздың тең жартысын құрап тұрған өмір сүру салты туралы, соның ішінде күн тәртібі, дұрыс тамақтану және қозғалыс туралы айтылды. Енді денсаулығымыздың сау болуына негізгі әсер ететін тағы да бір аса маңызды фактор иесі «ауыз су» туралы айтып келіп отыр. «Ауыз су» жөнінде не білеміз және оны қаншалықты дұрыс пайдаланып жүрміз. Мысалы, дамыған мемлекеттерде Абай атамыз айтқан «терең ой» нақыл сөзін ерте түсінгендіктен, ауыз суды шығару мен пайдалануды ерте бастап кетті. Оның дәлелі шетелдерден алғашқы мұнайымызды шығаруға келген компаниялар өздерімен бірге тамақтармен қоса ауыз суды да аса жеткілікті мөлшерде әкеліп отырған, біздің ауыз суымызды ішуге қорқыныспен қараған. Бұл жағдайды осы компанияларға табыс табуға вахталық жұмыстарға ауылымыздан барған тұрғындарымыз танданып айтып келген сәттері әлі есімізде. Осымен қатар, шетелдердің көп сериалды киноларын қараған сәттерде де олардың ас мәзірлерінде ауыз суды (таза кара суды) жиі пайдаланып көріп жүрміз. Қазіргі кезде бізде де «ауыз су» шығару қолға алынып, дүкендерімізде жеткілікті мөлшерде сатылымдарда тұратын болды. Қазақта «адамды сана билей-

дылады. Ал, қанға су жеткілікті мөлшерде сорылмаса бүкіл организмдегі физиологиялық құбылыстардың тиісті дәрежеде жүрмейтіні айдан анық. Ауыз суларда макроэлементтермен (хлоридтар, сульфаттар және басқалары) қатар, микроэлементтер (фтор, молибден, бериллий, мышьяк, селен, стронций, йод, күміс және басқа) де бар. Егер организмге осы микроэлементтердің оңтайлы мөлшерлері түспеген жағдайларда (артық немесе жетіспеуінің) физиологиялық бұзылыстарға немесе патологиялық өзгерістерге әкеледі, эндемиялық аурулар өршуі мүмкін. Мысалы, ауыз суда йод жетіспеушілігі болған жағдайда «эндемиялық зоб» ауруы өрбитіні белгілі. Бұл жағдайдың алдын алу үшін йодталған ас тұзын пайдаланатыны бәрімізге мәлім. Патогенді микроорганизмдері бар ауыз сулар жұқпалы аурулардың пайда болуына жол береді. Бұрынғы кездері тырысқақ пен іш сүзектің ауыз су эпидемиялары кездескен. Қазіргі кезде де жұқпалы аурулардың, соның ішінде жедел ішек жұқпалы ауруларының таралуына ауыз су факторларының рөлі өте жоғары. Су құбырларындағы ауыз сулар ауру адамдар мен мал нежестерінің түспелері арқылы залалданулары әбден мүмкін. Ауылдық жерде ауыз су арқылы тарайтын жұқпалы аурулардың ішінде «дизентерия» ауруының орны бөлек, өйткені ауылдық жерлерде орталықтандырылған тұщы судың жоқтығына байланысты тасымал ауыз суын пайдаланушылар да бар. Жоғарыдағыларды қорытындылайтын болсақ, Кодекстің «Аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру» деген 84-бабының 4-тармағындағы «Саламатты өмір салтын қалыптастыру дене жаттығуымен ұдайы шұғылданды, денсаулықты нығайту және өмір салтымен байланысты аурулардың алдын алу мәселелерінде халықты ақпараттық қамтамасыз ету, гигиеналық оқыту және тәрбиелеу арқылы аурулардың профилактикасын қамтиды» деген алға қойылған мақсатын одан әрі жүйелендірсек жұмысымыз нәтижелі болмақ. Осы орайда, ауыз суды әрі жеткілікті, әрі сапалы дәрежеде пайдалану үшін ол туралы мәліметтерді тереңірек білгеніміз және деніміздің сау болуына аса мән бергеніміз дұрыс.

М. ДОСОВ, Ойыл аудандық ауруханасының дәрігері.

АУЫЛДЫҢ РУХАНИ АЙНАСЫ ЖАҢА МІНДЕТТІК ЖҮГІ

АУДАНЫМЫЗДА «МӨДЕНИЕТ ОШАҒЫ-АУЫЛДЫҢ РУХАНИ АЙНАСЫ» АТТЫ МӨДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ СЕМИНАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРАҒА АУДАН ӨКІМДІГІ ӨКІЛДЕРІ, МӨДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Ауылдық мәдениет үйлерінің жұмысын жетілдіру, ұлттық құндылықтарды насихаттау және мәдени қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыруды көздеген семинардың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев құттықтау сөз сөйлеп, семинардың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдинмен басқа да қонақтар өз лебіздерін білдірді. Семинардың бірінші бөлімінде ауданның мәдениет үйлері мен клубтарының жетістіктері таныстырылып, музыкалық бағдарламалар ұйымдастырылса, екінші бөлімінде әдістемелік-методикалық жұмыстарға басымдық берілді. Онда ауылдық клубтардың қызметін ұйымдастыру, шығармашылық топтардың жұмысын жетілдіру, ұлттық-рухани құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған жобалар талқыланды.



Сонымен қатар, семинар барысында түрлі шеберлік сағаттары өткізілді. Білім арттыру сабақтары бойынша қатысушыларға заманауи технологияларды қолдану жолдарын көрсетті. Семинар барысында ерекше көзге түскен түскен мәдениет қызметкерлері марапатқа ие болды. Аудандық мәдениет саласының дамуына қосқан үлестері үшін бірқатар мамандарға алғыс хаттар табысталды. Марапат иелері өздерінің кәсіби жетістіктері мен шығармашылық еңбектері арқылы мәдениет саласына үлкен үлес қосқанын дәлелдеді. Одан әрі, іс-шара экскурсия мен жалғасты. Қатысушылар Ш.Берсиев атындағы өнер музейі мен Ойыл балалар музыка мектебінің жұмысымен танысты.